



ӘОЖ 343.359 (574)

**Байымбетов Е.,
Дайрабаева Г.М.**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҒАЛЫ
ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН
МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДЕГІ
МӘСЕЛЕЛЕР**

*В данной статье рассматриваются
вопросы государственного регулирования
рынка ценных бумаг в РК.*

*The governmental regulation of
securities market were considered in this
article.*

ҚР-ның 1997 жылғы 5-ші наурыздағы №77 «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңына сәйкес бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жолымен жүзеге асырылады. Осымен қатар мемлекеттік орган арқылы, мемлекет бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асырады [1.1].

Орталық банктің сәйкес бағалы қағаздар нарығына ықпал жасау жолымен акцияларды сатып алуға, несие беруге де болады. Мысалы, АҚШ-та Федералды резерв жүйесі акция сатып алушылар үшін міндетті түрде өз қорынан төленетін қаржы нормасын белгілейді, ал қалған соманы олар несие арқылы төлей алады екен.

Қорыта айтқанда, ҚР Конституциясымен оның негізінде қабылданған заңдарымыз мұндай өзгерістердің құқықтық негізі болып табылады. Экономикалық қатынастарды реттеу саласында шешуші рольге біздің жаңа Азаматтық Кодексіміз ие.

ҚР-да қолма-қол ақшаны Ұлттық банк банкнота түрінде эмиссиялайды (ҚР-ның ақша өлшемі-тенге), екінші деңгейдегі банктер оның эквивалентін қолма-қол емес формада төлеп алады. Коммерциялық банктердің операциялық қассасынан қолма-қол ақшаның көп бөлігі клиенттерге беріледі, яғни клиенттер заңды тұлғалар болса, ақша кәсіпорындар мен ұйымдардың қассасына түседі де, ал клиент жеке тұлға болса, ақша тікелей халыққа беріледі. Кәсіпорындар мен ұйымдардың қассасындағы қолма-қол ақшаның аз бөлігі олардың өзара есептесуіне жұмсалса (өзара есептесу, негізінен, қолма-қол емес ақша белгілерімен жүргізеді), ал басым көп бөлігі халыққа әр түрлі ақшалы табыс түрінде (яғни жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, сақтандыру қайтарымы, дивидендтер төлеу мен бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім және с.с. түрінде) беріледі. Ақша адамдарға ежелден таныс. Бірақ оның қалай пайда болғандығы туралы құпия сыры және қоғам өміріндегі мәні көп уақытқа дейін беймәлім болды. Бұл сұрақтарға қоғам өмірін зерттей келе, ақшаның тауар айналымда атқаратын маңызын жан-жақты ашып, жауап берді. Ақша – тауарды өндірістің өнімі. Қолма-қол ақша негізінен халықтың ақшалай табысынан және оны жұмсаудан түседі. Бірақ ақшаның көп бөлігін салық, жарна, сақтандыру төлемін, пәтер ақысы мен коммуналық төлемін, қарызды өтеуге, тауар сатып алу мен көрсетілген қызметке ақы төлеуге, бағалы қағаздар мен лотерея және т.с.с. төлеуге жұмсайды. Айналыста тек қолма-қол ақша



жүретіндіктен оны ақша айналысы деп атайды. Айналыс және төлем құралдары ретінде нақты ақша белгілері (банкноталар, қазыналық билеттер қағаз ақшалар және ұсақ монеталар) айналыста жүреді. Бұл кез-келген мемлекеттің ақша айналымының аз бөлігін құрағанмен оның маңызы үлкен. Өйткені қолма-қол ақша халықтың ақшалы табысының басым көп бөлігін алуға және оны жұмсауға қызмет етеді.

Біздің мемлекетіміз жан – жақты дамыған жүйелі де мақсатты және белсенді қаржы саясатын ұстанып отыр. Ұлттық экономиканың тарихи жағдайда қалыптасқан құрылымын қайта құру, жетілдіру, тиімділігін арттыру үшін ауқымды инвестициялар қажет болып отыр. Мамандардың пікірінше, Қазақстанға жыл сайын кем дегенде 3 млрд. доллар инвестиция қажет екен. Дамыған елдерде негізгі өндіріс қорлары орташа есеппен алғанда 3-5 жылда жаңартылып отыратын болса, Қазақстандағы негізгі қорлардың пайдалану мерзімі 30 жылға жеткен екен. Қазақстан үкіметінің өндірістік саясатының негізгі мазмұны болып Қазақстанда бағалы қағаздарды қалыптастыру саясаты ұлттық кәсіпкерлікті қолдау, ішкі және сыртқы инвестицияларды өндіріске тарту, экономика салаларын әлсіз де тиімсіз шаруашылық құрылымдарынан тазарту, экономиканы асқындап кеткен төлем дағдарысынан шығару. Және басқа да экономикалық, ұйымдастыру, құқықтық іс-шаралар жүйесінде жүргізіледі [2. 12].

Қазақстанда бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру саясаты ұлттық кәсіпкерлікті қолдау, ішкі және сыртқы инвестицияларды өндіріске тарту, экономика салаларын әлсіз де тиімсіз шаруашылық құрылымдарынан тазарту, экономиканы асқындап кеткен төлем дағдарысынан шығару және басқа да экономикалық, ұйымдастыру, құқықтық іс-шаралар жүйесінде жүргізіледі. Қазақстанда 1991-1994 жж. қаржы нарығы, оның құрамында бағалы қағаздар нарығы қалыптаса бастады. Осы кездері жұмыс істеп тұрған бағалы қағаздар нарығының негізі ретінде мыналарды айтуға болады:

- Мемлекеттің ішкі және сыртқы міндеттемелік қағаздар (облегиациялар) тұрақты түрде айналымға шығарылып келеді.

- Ірі коммерциялық банктердің акциялары және басқа да қаржы қағаздары соңғы жылдары ұтымды түрде сыртқы әлемдік және ішкі ұлттық нарық жүйесінде орналастырыла бастады.

- Мұнай-газ, энергетика, қара және түсті металлургия компаниялары шығарған акциялар Қазақстанның және Орталық Азия қор биржаларына тіркеліп келеді.

- «Қазақтелеком», «КЭГОК», «Қазақойл» сияқты жаңаша құрылған компаниялардың акцияларына сұраным жоғары қалыптасқан.

Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру мәселесі бойынша Қазақстанда негізінен екі түрлі ғылыми - әдістемелік көзқарас-пікір қалыптасқан, оның инфрақұрылымдарын құру және бұл құрылымдардың қызмет атқару тәртібін анықтап реттейтін заңдар мен құжаттарды дайындап шығару қажет екені белгілі. Кәсіпорындарды жаппай акционерлендіру Қазақстанның жекешелендіру және нарыққа көшу саясатын акционерлендіру нарық жүйесіне көшудің негізгі алғышарты болғанымен, нарықтың қызмет атқару механизмін қалыптастыра алмады. Жеке меншіктің іске асуы үшін оны формалды – құқықтық жағынан ұйымдастыру жеткіліксіз. Жеке меншікке негізделген әлеуметтік – экономикалық күштерді іске қосу үшін нақты экономикалық жағдай қажет. Жеке меншік күштерінің қосылу – қосылмауы өндіріс – сауда тұрғысына, оның тиімді жұмыс істеуіне байланысты. Өндіріс аумағына жекешелендірілген кәсіпорындардың нақты активтері (өндіріс қорлары) қаржылай нәтиже беріп, табыс түсіргенде ғана бағалы қағаздар нарығы арқылы жеке меншік мүдделері іске асады, олар дамуының қуатты әлеуметтік – экономикалық күшіне айналады. Сонымен бағалы қағаздар нарығының қалыптасып тиімді қызмет атқаруы, ең алдымен, ішкі ұлттық өндіріс пен ішкі тауар нарықтарының қалыптасып, тиімді жұмыс істеуіне байланысты болады екен. Елімізде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы құрылған, 1995 жылдың сәуірінде «ҚР АҚ-дың акцияларын шығару мен өтеудің тәртібі туралы ереже» әзірленіп бекітілді, бағалы қағаздар эмиссиясы есепке алынып, қор биржалары тіркелетін болды. Кәсіпорындар қорының орта есеппен алғанда 30% акциялары мемлекет меншігінде қалдырылып, ал қалғандары жеке меншікке үлестіріледі. Ірі кәсіпорындардың 50% акциялар пакеті мемлекет иелігінде қалдырылды, қалғаны жеке меншікке айналдырылды. Жекешелендірілген өндіріс орындарының 5% - ке дейінгі акциялары инвестициялық қорлар арқылы Қазақстанның барлық тұрғындарына үлестірілген жекешелендірілу купондарына айырбасталды. Бұл іс-шаралар бағалы қағаздар нарығын қалыптастырудағы Қазақстанның бірінші қадамы болды. Қазақстан Үкіметі Батыс елдерінің бірқатар қаржы инвестициялық құрылымдарымен келісімге келіп, өзінің орта мерзімдік облигацияларын Европада орналастырды. Бірақ, Республикада бағалы қағаздар нарығы толық қалыптасып болды және тиімді жұмыс атқарып тұр деуге әлі ерте сияқты. Оңтстік-Шығыс Азия



елдерінде қалыптасқан қаржы дағдарысы Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығының одан әрі қанат жайып дамуын осы күндері шектеп отыр.

Қазақстанда бағалы қағаздар нарығын толық қалыптастыру үшін ұлттық өндіріс пен ішкі ұлттық нарық жүйесін қалыптастырып тереңдету керек. Қазақстан экономикасының өндірістік құрылымын қайта құрып жетілдіру мәселесі тұр. Егер ішкі өндіріс көтерілсе, онда ішкі ұлттық нарық қалыптасады, кәсіпорындар мен тұрғындардың табысы өседі, ал бұл болса Қазақстанда ішкі ұлттық капитал қорының өсуіне жол ашады, осының негізінде бағалы қағаздар нарығы да тиімді қызмет атқарады. Егемен Қазақстанның қоғамы мен мемлекетінің құқықтық экономиканың негізгі принциптеріне сәйкес дамуының экономикалық және қоғамдық қатынастардың жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алуда. Сондықтан экономикалық қатынастардың дамуы азаматтық жүйедегі заңды одан әрі жетілдіру қажеттілігіне алып келіп отыр. Бүгін Қазақстанда азаматтар мен кәсіпкерлер өздерінің экономикалық мақсаттарына жету үшін ақшаны оның әртүрлі нысандарында қолдана отырып, жақында ғана мүмкін емес болып есептелген қарым- қатынастарды жүзеге асыруда. Бұдан бөлек, шет ел бизнесмендері мен заңгерлері қазақстандық тәжірибеге дамыған нарықтағы ақшаны пайдаланумен байланысты бірқатар тетіктерді «Импорттаған». Ал Қазақстанның заңдары мұндай айырмашылықтарды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырғанда бұл саладағы қажетті құқықтық нормалардан бөлек, бұл мәселелер бойынша теориялық ізденістердің де жоқтығы көзге түседі. Азаматтық кодекстің 127-бабына сәйкес ҚР-н ақша бөлінісі теңге болып табылады. Сонымен қатар елімізде шет ел валютасымен есеп айырысу мүмкіндігі де бар. Оның реттері, тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді [3.27]. Шетел тәжірибесіне жүгінсек, ақша айналымын реттейтін шетел заңнамасы, ақша құралдары нысандарының өзгеруімен үлкен өзгеріске түскенін көруге болады. Әдебиетке сәйкес банктік тәжірибесінің қағаз жеткізілімдерге өтуі заңнаманың өзгеруіне алып келеді. Ақшаның объективті қажеттілігі тауар өндірісі және одан туындайтын тауар айналысына байланысты. Халықаралық еңбек бөлінісінің дамуы, шаруашылық байланыстарының интернационалдануы тауар және ақша айналысының ұлттық шеңберден шығып, әлемдік нарықты пайда болуына әсер етті. Бұл экономикалық қатынастар ақшаның дүниежүзілік қызметінің алғы шарты. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы №77 «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясын жүзеге асыру тәртібі арнаулы заңдарымен реттеледі. Бағалы қағаздар нарығындағы қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті бағалы қағаздар нарығын реттеу мен бақылау және акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік орган құрады, ол өз қызметінде конституция нормаларын, бағалы қағаздар нарығы туралы заңдар мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Ережелер негізінде қолданылады. Бағалы қағаздар нарығына мемлекеттік реттеу бюджетінің тапшылығы да әсер етеді. Осыған байланысты мемлекет қарыз процентінің төмен болуына мүдделі келеді. Банк проценті төмен болғанда мемлекеттік қағаздарды арзан процентпен орналастыруға болады. Процент нормасын төмендету үшін айналымдағы ақша массасын арттыруға тура келеді. Ал бұл болса, жоғары процентпен шығарылған акциялар мен облигациялардың курсы өсіретін болады. Қазақстанда шикізат өнімдерін экспортқа өндіретін ең ірі өнеркәсіп органдары шетелдік компаниялардың басқаруында екені белгілі. Мамандардың айтуына қарағанда, осы шетелдерге басқаруға берілген компаниялардан бюджетке салық түрінде өте аз көлемде түсетін болған. Мұның негізгі себебін білетін мамандар былай түсіндіреді: Қазақстанда жұмыс істейтін компаниялардың шет аймақтарда тіркелген филиалдары бар көрінеді. Қазақстандағы компаниялар шикізат өнімдерін екі есе төмен бағамен өздерінің шетелдік филиалдарына өткізеді екен, ал соңғылары Қазақстаннан арзанға алынған шикізатты әлемдік бағамен түпкі тұтынушыларға өткізіп, түскен табысты шетелдік банкілерге салып отырады. Бұл Қазақстан экономикасына көптеген есепке алынбаған және көзге көрінбейтін зиян келтіреді. Біріншіден, бюджетке қажетті табыс түспейді, екіншіден ішкі өнімнен түскен таза табыс шетелге кетіп, Қазақстан банкілерінің ресурстарын шектейді, олар өздеріне қажетті қаржыны шетелден тартуға мәжбүр болады. Сонымен, бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеудегі ұлттық экономиканы дамытуда қолданылатын өте қуатты да икемді құрал екені белгілі. Бұдан бөлек, бұл өте өткір құрал, оны дұрыс пайдалана білу қажет. Оңтүстік – Шығыс, Латын Америкасы елдерінде керек десеніз, көрші Ресейде қалыптасқан қаржы дағдарыстарының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бағалы қағаздар арқылы капитал қаншама тез және ауқымды көлемде шоғырланған болса, сонша аз уақытта және болжауға келмейтін тосын жағдайларға байланысты тарап кетеді екен. Соңғы жылдары әлемдегі ең жоғары дамыған Солтүстік Америкамен Батыс Еуропа елдерінің өздерінде қаржы-валюта жүйесін тұрақтандырып нығайтуға назар аударылып



отырғаны белгілі. Біздің байқауымызша мемлекеттік орган арқылы мемлекет бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыруға болатыны қаралған.

Бұл жұмыста мен азамааттық құқық объект жүйесіндегі ақша және бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуіндегі құқықтық реттелу мәселесін қарастырдым. Себебі, жоғарыда айтылып кеткендей, бүгінгі таңда аталмыш объектілерге қатысты құқықтық қатынастарды реттеуде көптеген шешілмеген мәселелер бар. Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру мәселесі бойынша Қазақстанда негізінен екі түрлі ғылыми - әдістемелік көзқарас – пікір қалыптасқан. Біріншіден, бағалы қағаздар нарығына орталық банкінің есептеу үлесі әсер етеді. Демек, Орталық банк басқа банкілерге несие бере алады. Бұл «міндеттемелерді есептеу» деп аталады. Есептеу кесімін (ставкасын), яғни қарыз төлемін төмендетіп Орталық банк міндеттемелер есебін қолдайды, оны көтеру арқылы банк бұл ұмтылысты әлсіретеді. Екіншіден, бағалы қағаздар нарығына мемлекет бюджетінің тапшылығы әсер етеді. Демек, бюджет тапшылығын толтыру мақсатында мемлекет облигациялар шығарады. Осыған байланысты мемлекет қарыз процентінің төмен болуына мүдделі келеді. Банк проценті төмен болғанда мемлекеттік қағаздарды арзан процентпен орналастыруға болады. Процент нормасын төмендету үшін айналымдағы ақша массасын арттыруға тура келеді. Ал бұл болса, жоғары процентпен шығарылған акциялар мен облигациялардың курсы өсіретін болады. Бұл болуы мүмкін бір ғана жағдай. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу өзекті мәселесіне, яғни кәсіпорындарды жаппай акционердендіру Қазақстанның жекешелендіру және нарыққа көшу саясатын сипаттайды. Сонымен, бағалы қағаздар нарығының қалыптасып тиімді қызмет атқаруы, ең алдымен, ішкі ұлттық өндіріс пен ішкі тауар нарықтарының қалыптасып, тиімді жұмыс істеуіне болады екен. Екіншіден, әр адамның еңбектегі, яғни қоғамдық өнімдегі үлесін де ақша арқылы анықтауға болады. Себебі, адамның қоғамдық еңбектегі үлесін жалақы ретінде алғанда төлем құралы қызметін атқарғаны. Үшіншіден, айырбас процесінде ақшаның делдалдық етуімен тауардың ішкі қайшылықтары да шешіледі. Тек ақшаның пайда болуына байланысты бүкіл тауарлар тұтыну құндары түрінде айырбас қатынасының бір жағында тұрады да, ал екінші жағында бүкіл тауарларға қарсы құнның тұлғасы ретінде ақша қарсы тұрады.

Қорыта айтқанда, бағалы қағаздар нарығы ҚР-ның заңдарымен, Президент жарлықтарымен, Қазақстан үкіметі, Мүлік комитеті және Ұлттық банк қабылдаған қаулылармен, ҚР Қаржы Министірлігінің және бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясымен нұсқауларымен реттеледі. Сонымен Қазақстан кәсіпорындары шығарған акциялар болсын, Үкіметтің міндеттемелері болсын, барлық бағалы қағаздар құнын, түптеп келгенде Қазақстанның табиғи ресурстары анықтайды деуге болады. Қазақстанның болашағы, экономикалық - әлеуметтік дамуын түптеп келгенде өзінің қолындағы ресурстарымен байлығын дырыс та ұтымды да пайдаланып, іске асыру мәселесі дамуда.

Әдебиеттер:

1. ҚР 1997 жылғы 5 наурыздағы N 77 "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңы. (2008ж).
2. Назарбаев Н. Қазақстан 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі, ерекше бөлімі). - Алматы, 2008.